

**Қамқоршылық кеңестің отырысының
№ 2 Хаттамасы
«Арқалық политехникалық колледжі» КМҚК**

«28» 04 2026 жыл

Қатысқаны: 9 адам

Кеңес Төрағасы – А.К. Муканов
Кеңес хатшысы – С.А. Жиенбаева

Кеңес мүшелері:

1. Жетписбаев С.Г. – КММ «Костанайоужэлектросервис» директоры
2. Матвеев А.А. – 3 курс білім алушысының ата-анасы
3. Омарова А.А. – «Омарова» ЖК басшысы
4. Усенова Ж. – 1 курс білім алушысының ата-анасы
5. Кариева Ж.О. – 2 курс білім алушысының ата-анасы
6. Кетов И.А. – «Мастер-пласт» ЖК басшысы
7. Ерденев А.У. – «Ерденев А.У.» ЖК басшысы
8. Тулегенова С.Т. – Арқалық қаласының әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің "Жастар ресурстық орталығы" КММ Жастармен жұмыс маманы

Қатыспағаны: 2 адам

1. Соколова Т.Ж. – ЖШС «Олви» директоры
2. Досов Ш.Т. – ЖШС «Каркын» директоры

Күн тәртібі:

1. Колледж шеберханаларының материалдық-техникалық базасын жетілдіру мақсатында 2026 жылға демеушілік көмек пен өзге де қолдау түрлерін ұйымдастыру мәселесін қарастыру.

Кеңес мүшелері
2. Әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасылардан шыққан студенттерге, жетім балаларға және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған білім алушыларға көмек көрсету жұмыстарын ұйымдастыруға жәрдемдесу.

*Директордың ОТЖЖ орынбасары
Кеңес мүшелері*
3. 2025–2026 оқу жылы бойынша көрсетілім емтихандарын ұйымдастыру және өткізу процесіне қатысу.

Директордың ОӨЖЖ орынбасары
4. 2026 жылы өткізілетін өңірлік WorldSkills чемпионатын ұйымдастыруға және өткізуге қолдау көрсету.

*Кеңес мүшелері
Директордың ОӨЖЖ орынбасары*
5. Студенттердің кәсіпорындарда практикадан сапалы өтуіне қолайлы жағдай ұйымдастыруға ықпал ету

*Кеңес мүшелері
Директордың ӨЖЖ орынбасары*
6. Әр түрлі мәселелер

ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша колледж шеберханаларының материалдық-техникалық базасын жетілдіру мақсатында 2026 жылға демеушілік көмек тарту және қосымша қолдау көздерін ұйымдастыру мәселесі қаралды. Кеңес мүшелері өндірістік оқыту сапасын арттыру үшін заманауи құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету қажеттігін атап өтті.

Екінші мәселе бойынша әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасылардан шыққан студенттерге, жетім балаларға және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету бағытындағы жұмыстар туралы ақпарат тыңдалды. Кеңес мүшелері аталған санаттағы студенттерге жан-жақты көмек көрсету жұмыстарын жалғастыру қажеттігін қолдады.

Үшінші мәселе бойынша 2025–2026 оқу жылы бойынша көрсетілім емтихандарын ұйымдастыру және өткізу тәртібі талқыланды. Көрсетілім емтихандарының сапалы әрі ашық өтуін қамтамасыз ету мақсатында Қамқоршылық кеңес мүшелерінің қатысуы ұсынылды.

Төртінші мәселе бойынша 2026 жылы өткізілетін өңірлік WorldSkills чемпионатын ұйымдастыру және өткізу жұмыстары қарастырылды. Чемпионаттың жоғары деңгейде өтуі үшін әлеуметтік серіктестер мен жұмыс берушілерді тарту мәселелері талқыланды.


Бесінші мәселе бойынша студенттердің кәсіпорындарда өндірістік тәжірибеден сапалы өтуіне қолайлы жағдай жасау жөніндегі жұмыстар туралы ақпарат берілді. Кеңес мүшелері тәжірибе базаларын кеңейту және жұмыс берушілермен ынтымақтастықты нығайту қажеттігін атап өтті.

Әр түрлі мәселелер бойынша қамқоршылық кеңестің №1 отырысының шешімімен кеңес мүшелігінен шығарылған Арқалық қ. №4 сайлау округінің депутаты Тулекбаев С.К. орнына Арқалық қаласының әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің "Жастар ресурстық орталығы" КММ Жастармен жұмыс маманы Тулегенова С.Т. қойылып, мүшелікке кіруі талқыланды.

ШЕШІМІ:

1. Колледж шеберханаларының материалдық-техникалық базасын жетілдіру мақсатында 2026 жылға демеушілік көмек пен өзге де қолдау түрлерін тарту бойынша жұмыстар ұйымдастырылсын.
2. Әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасылардан шыққан студенттерге, жетім балаларға және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету шараларына Қамқоршылық кеңесі тарапынан жәрдем көрсетілсін.
3. 2025–2026 оқу жылы бойынша көрсетілім емтихандарын ұйымдастыру және өткізу жұмыстарына Қамқоршылық кеңес мүшелері қатыстырылсын.
4. 2026 жылы өткізілетін өңірлік WorldSkills чемпионатын ұйымдастыру және өткізуге қажетті қолдау көрсету қамтамасыз етілсін.
5. Студенттердің кәсіпорындарда өндірістік тәжірибеден сапалы өтуіне қолайлы жағдай жасау мақсатында әлеуметтік серіктестермен өзара іс-қимыл күшейтілсін және тәжірибе базалары кеңейтілсін.
6. Арқалық қаласы №4 сайлау округінің депутаты Тулекбаев С.К.-ның Қамқоршылық кеңесі мүшелігінен шығарылуына байланысты, оның орнына Арқалық қаласы әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің жастармен жұмыс маманы Тулегенова С.Т. Қамқоршылық кеңесінің мүшелігіне қабылданып және кеңес құрамына енгізілсін.

Қамқоршылық кеңесінің
Төрағасы
Қамқоршылық кеңесінің
хатшысы



Муканов А.К.

Жиенбаева С.А.